

А. Ж. Жұмағұлова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф. г. к.

Ғ. МҮСІРЕПОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ РУСИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Қашаннан адамдардың өзара қатынас құралы ретінде танылған тіл сөздің талай замандарды басынан өткере отырып, дамып, жетіліп, байып келеді. Жалпы халықтық тіл – әдеби тілдің негізі, бастауы, қайнар көзі. Кез келген құрылысқа жақсы құрылыс материалы қалай керек болса, көркем шығармаға сөздің қажеттілігі де соншалықты екенін ұзақ түсіндірудің керегі жоқ шығар.

«Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек һәм биік» (1.185.)

«Әдеби шығарма жазуға рецепт берілмейтіні секілді, әдеби шығарманың тілінде де штамп жоқ.» (1. 237.) Ендеше, көркем шығарманың тілін зерттеп, талдауда да қабылданған ереже, өзгертілмес қағида, қатып қалған бірізділік жоқ. Дегенмен, шығарманың тілін талдаймын деп, шығарманың өне бойындағы барлық сөзді не кез келген бір немесе бірнеше сөзді топтастырып түп-тамырын, этимологиясын қарастыруға да болмайды.

Көркем шығарманың тілін зерттеу туралы ғалым Р. Сыздықованың «Осы күнгі әдеби тіліміздің бүкіл лексикасының генетикалық қабаты белгілі болғандықтан, оны қайталап, жазушы басы сайын түгендеудің қажеті жоқ» деген тұжырымын басшылыққа алған дұрыс деп ойлаймыз (2. 71.)

Қандай да бір қаламгердің шығармашылығын зерттеу барысында тұрақталған лингвистикалық қағида-ережелерді басшылыққа ала отырып, тілдік ерекше фактілерді жүйелеп, талдаумен қатар жазушының өзіне ғана тән, күнделікті қолданыста кездесе бермейтін сөздерге, сондай-ақ олардың «әдеттегі қолданыстан айырмашылығына, жазушының мұндай тәсілдерден ұтып тұрған жайларына» назар аударған жөн.

Кез келген жазушының тілі қаншалықты бай дегенмен ол жалпы халықтық тілді айналып өте алмайды. Ертедегі әдебиет пен ауыз әдебиетінің бай қорына сілтеме жасамай-ақ Абай мен Шәкәрімнің, Жүсіпбек пен Мағжанның шығармашылығының өзі қаншама қаламгерге үйрену мектебі болғаны анық. Бұл

қаламгерлердің өмір сүрген дәуірі, сол кездегі қоғамның тарихи-экономикалық, саяси-әлеуметтік құрылымы, мәдениеті мен әдебиеті, түсінігі, танымы қаншалықты әр түрлі болса, сөз мәдениетін меңгеруі де соншалықты әр қилы.

Тіл қарым-қатынас құралы бола тұрып, басқа тілдермен қарым-қатынасқа түспесе, дамымайды, байымайды, өркен жаймайды, яғни белгілі бір тілдегі тілдік материалдар басқа тілдегі тілдік материалдармен үнемі толығып отыруы заңды құбылыс. Бұл жағынан жазушы әңгімелерінің тілі орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген «русизм» сөздерге өте бай. Әрине, «Бұл сөздердің басым көпшілігі ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің сан алуан салаларына байланысты терминдер, өмір шындығынан туған сөздер» (3. 192.). Қаламгердің шығармашылығында өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың мақсат-мүддесін, арман-тілегін, қоғамдық қарым-қатынастардың жай-күйін суреттейтін сөздер шығарма шырайын қанықтыра түседі. Мұндай сөздер уақыт өте келе әдеби тілдік қорымызға да сіңіп кетеді. Өйткені, «сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тіл-тілдегі сөз алмасудың басты және дағдылы құбылысы болып табылады». (3.193.)

Орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерді жалпы атаумен «русизмдер» деп атайтыны белгілі. Назар аударайық:

1. Коттедж (ағылшын сөзі) – қала сыртына салынған екі қабатты шағын үй. (4. 258.)

2. Метеорологиялық станция (ежелгі грек сөзі) – атмосфераның қалыпты жағдайын тексеретін мекеме. (4. 307.)

3. Репортер (ағылшын сөзі) – болып жатқан оқиғалар туралы мәлімет беретін газет, журнал, радио, теледидар қызметкері (4. 431.).

Мінеки, бұл тізімді осылай жалғастыра берсек, сан қуалауға ұрынарымыз анық. Біздің мақсат Ғ. Мүсірепов секілді жазушы әңгімелеріндегі «русизмдердің» жалпы қолданылу аясына, стильдік қызметіне назар аудару

болып табылады. Жазушының небәрі 14-15 беттен тұратын «Екі дүние – екі әйел» деп аталатын әңгімесінің өзінен-ақ отыздан аса басқа тілден енген сөздерді кездестірдік. Екі түрлі қоғамда өмір сүрген екі әйелдің бір күнгі өмірінің қарама-қайшылығын салыстыра отырып суреттеген жазушы олардың таным-түсінігін, іс-әрекетін, өмір сүруге деген құлшынысын шынайы суреттейді. Куртка, коттедж, метеорологиялық станция, мадам, плащ, ондатра, циклон, барометр, градусник, аппарат, трактор, бульдозер, телефон, транзистор, гараж, машина, металл, ферма, балон, электр, таракан, сахара, француз, ванна, халат, аспирин, шкаф, коридор, фонарь, радио, бефстроган, репортер, вагон, вертолет, мотор, бак, бокал секілді сөздерді қолдана отырып жазушы қазақтың иен даласында, қойдың соңында жүрген шопан Майраның психологиясы мен ақсүйек әйел мадам Бэйлидің психологиясын жарыстыра қатар суреттеу арқылы екі қоғамның өмірін қатар бейнелейді.

«Мадам Бэйли Дмейн ... бір дос жар адамының **коттеджінде** демалып жататын еді». («Екі дүние – екі әйел», 194-бет.)

«... Бәрін күні-түні хабарлап тұратын шағын ғана **метеорология станциясы** да бар». («Екі дүние – екі әйел», 194-бет.)

Әңгімеде қолданылған «русизм» сөздердің бәрі де бастапқы дыбысталу формасын сақтап қолданылған. Екі қоғамның өмір шындығын суреттеуді мақсат еткен жазушы үшін бұл сөздер ең қажетті тілдік қолданыс болып табылады. Ол сөздерді еш аудармасыз, түсініктемесіз қолдансақ та бәрімізге түсінікті, себебі олар күнделікті қолданыста тұрақталып қалған сөздер. Ең бастысы - өз орнында тұрып, стильдік қызметін атқарып, шығарма шырайын келтіруде.

Өткен ғасырдың сонау отызыншы жылдарының өзінде-ақ қазақ тіл білімінің классигі, ғалым Қ. Жұбанов шет елдік сөздер мен советизмдерден, яғни русизмдерден үрікпей, жатсынбай оларды қазақ тіліне енгізе отырып, мынандай негізгі үш шартты орнықтыру керек екендігін ескерткен болатын: «1. – принимать без изменения первоначальные слова в русском варианте;

2. – при склонении и спряжении первоначальных слов употреблять только казахские оканчания...

3. – все производные слова от первоначальных слов производить согласно законам

казахского языка. Кроме того, нельзя ограничивать введение международных терминов и советизмов». (5. 246.)

Осы айтылған шарттар бүгінгі күнгі орфографиялық ережелерімізде де тұрақталып, қолданыста жүр. Бір атап өтер жағдай, бүгінгі күнде ыңғайға келсін, келмесін шет елдік терминдерді қазақшалау үдерісі күшейіп барады.

«...Тілдің тазалығы мен дамуы оны ғылыми терминдерден таза ұстау қажеттігін туғызбайды. Сіз қалаңыз, қаламаңыз замани өркениет енгізген терминдер тілімізде бар, болады, бола бермек. Бұған ешкім қалқан бола алмайды, олай болған күнде қазақ мектебін бітірген бала әлемдік ғылымнан кенжелейді. Қазіргі кезде грек, латын орыс сөздерін тілімізге ертерек енген араб, парсы атауларымен ауыстырып, төл сөзге айналдырдық дейтін пуристік бағыт – жаңылғандық. Тұрмыста кеңінен жұмсалатын жалпықолданыстағы сөздерді аудару жөн; ал әлемде жаппай қолданылатын ғылыми-техникалық интертерминдер кірме сөздер қабатын байытады, одан әлемде ешқандай тіл ұтылған емес», - дейді ф.ғ.д., профессор. А.Б. Салқынбай.

Әдеби тілді байытудың жолдары мен тіл тазалығы туралы кезінде жазушының өзі де салмақты ой айтудан жалықпаған. «Тіл байытудың қайнар көздері бар. Біріншіден, интернационалдық терминдерден жөнсіз қашпауымыз керек. Өйткені, ол барлық халықтарға ортақ. Мәселен, орыс тілінің көп жағдайда орамды, оралымды тіл дәрежесіне көтерілуінде осы интернационалдық терминдердің де үлесі бар». (7. 545.)

Біз жазушы шығармаларының тақырып аясының кеңдігіне сілтеме жасай отырып, әңгімелерінің тілінде кездесетін русизмдерді шартты түрде мынадай етіп жүйелеп, бөлдік:

а) әскер, соғыс тақырыбына байланысты сөздер: команда, эшелон, траншея, танк, танкист, пилотка, командир, полковник, дивизия, лейтенант, офицер, солдат, фашист, партизан, план, атом, бомба, эпицентр, снаряд, винтовка, мобилизовать, военком, отряд, генерал және т.б.

«Әлі есімде, кең жаурынды, сом денелі қараңғы түнде күндізгіден де гөрі ірі көрінген **дивизия командирі, полковник** Ремизов **танкистер** арасына келді». («Ақлима», 184.)

«Әлі есімде, бес **танкінің командирі** үнсіз ғана **танкімізге** келе жатырмыз». («Ақлима», 184.)

«Партизандар екенін де таныды, олардың не істеп жатқанын да түсінді». («Ер ана», 178.)

ә) тұрмыстық заттар атауы: тарелка, скамейка, матрац, пижама, кухня, консерв, миска, шайнек, стакан, клеенка, стол, бокал, туфли, сандали, майка, труси, гимнастерка, галстук, диван, чемодан, сахар, драп, пальто, ботинка және т.б.

«Күзгі жемістерден майысып тұрған ұзын **стол** – «отырыңдар» деп шақырғандай болды». («Сөз жоқ, соның іздері», 342.)

«Түсе қалдым да, үстімде киім жоғын да сездім: тоқыма **майка, труси, аяқта сандали**, үстімдегі бар лыпам осы ғана екен». («Тарғыл қауын», 318.)

б) саяси-әкімшілік сөздер: депутат, комсомол, пионер, лагерь, обком, секретарь, бюрократ, закон, документ, император, спортсмен, географиялық карта, метеостанция, пенсия, пенсионер, вожатый және т.б.

«Бекең **обком секретарының столына** қарады». («Тарландар», 331.)

«Жаздыгүні **пионер лагерінде** болған шығарсың, қалқам? - дедім».

(«Сөз жоқ, соның іздері», 348.)

«Танертең **пенсиямды** алып келейін деп кетіп еді, әлі үйге қайтқан жоқ. Жасы елуге жетпей **пенсионер** болса...». («Сөз жоқ, соның іздері», 344.)

в) ғылым мен техника, өндіріске қатысты сөздер: участок, телефон, телеграмма, трактор, туннель, бригада, спирт, шпал, колонна, рельс, паровоз, коридор, прораб, тарантас, ресторан, кооператив, цистерна, конистр, техника, поселка, вокзал, дирижабль, брезент, шахта, бункер, курорт, станция, кондуктор, рессор, буфет, мотор, бензин, прожектор, шахтер, почта, электровоз, шпагат, почерк, букварь, инспектор, класс, парта, текст, чудақ, перрон және т.б.

«Бекең әйелдерді бастап **шахтаға** түсіпті дегенсін, бұл **шахтаға** қарайтын жердегі барлық әйелдер **шахтаға** түскелі келіпті...» («Тарландар», 336.)

«Осыдан жиырма **километр** жерде **трактор колоннасы** бар. Сонда барып **бензин** сатып аламыз». («Тарғыл қауын», 325.)

«Сондай бір **бюрократтарды** тымпитып отырған жерінде желкеден келіп перер ме еді десейші!». («Тарғыл қауын», 325.)

г) әр түрлі мәндә жаргон сөздер: чудақ, жулик, молодец, сволочь т.б.

«**Чудақ!**», - деді шофер. («Тарғыл қауын», 325.)

«Жазбаша түрде енген сөздерге тән қасиеттің бірі сол – олардың басым бөлігі өзінің дыбысталу түрін сақтайды». (3.197.) Ал кейде жазушылар кейіпкерінің бейнесін шынайы бейнелеу мақсатында немесе сол кезеңнің нағыз көрінісін бейнелеу мақсатында өз кейіпкерлерінің аузына сөз салу арқылы басқа тілден енген сөздердің дыбысталуына өзгерістер енгізіп те қолданады. Жазушы да мұндай тәсілден құралақан емес. Мысалы, жазушы өткен ғасырдың басында тарихта сол кезеңнің қоғамдық жаңалығы ретінде саналып келген Қазан төңкерісі, әскерге алу, колхоздастыру, бесжылдық жоспарды орындау секілді тарихи жағдайларды сипаттайтын шығармаларында осындай өзгертілген сөздерді қолданады. Олар: Мекайла, поштабай, бәлшебек, кәперәтип, бірішке, сенке, бенке, реске, мәшин, шопыр, самауыр, кереует, пыржымайт, Мекепар, іздрәсти, кансарал, глаунай, секлетар, доғдыр, жәшік, ташанка, нәнке, мәғәзін, перма, піркәншік, сексеул, таскайт, перуай, крупшатка, есь, екі істеп жатыр(эксковатор), карболке, нызнау, достобрен, песір, пирақло, артес және т.б.

«Қазір **бәлшебек** деген жұрт билеп тұр қаланы деп, түрмеден шыққан соң естідім: өздерін тани алмадым, бізді босатқан солар екен». («Ашынған ана», 168.)

«Төтенше мен **піркәншікте** үн жоқ. **Піркәншік** төтеншеге ығыса қарайды, төтенше бізге ығыса қарайды». («Шұғыла», 109.)

«Манадан бері білмей жатсам, сіз **доғдыр** екенсіз ғой ...». («Екінші Би-аға», 287.)

«Өңкей бір **пирақыло!**», - деді. («Этнографиялық әңгіме», 292.)

Жазушының сөздерді осылай өзгертіп берудегі мақсаты – кейіпкерінің аузына салу арқылы сөздердің стильдік қызметін арттыру, эмоциональдық-экспрессивтік бояуын қанық беру. «Манадан бері білмей жатсам, доғдыр екенсіз ғой ...» деген сөйлемдегі «доғдыр» сөзі орысша білмейтін, қарабайыр ауыл адамының аузынан шыққан сөз екені айқын. Жазушы кейіпкерінің аузына сөз салу арқылы мәдени орындардан жұрдай, күнделікті өмірдің тұрмыстық тауқыметін тіршілік күйбеңімен еңсеріп жүрген ауыл әйелін жаны мұрнының ұшына келіп, күйзелген сәтте «доктор» деп сызылтпайтыны айдан анық. Орыс тілінен енген сөздерді немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің айтылуын осылай

бұрмалау арқылы жазушы суреттеліп отырған қоғамның құрылымынан, саяси-экономикалық жағдайынан, мәдени өмірі мен тарихи тынысынан хабар береді, сондықтан да жазушы оларды мақсатты түрде қолдана отырып, оларға ерекше стильдік жүк артады. Өзара қарым-қатынассыз тіл дамымайтынын ескерсек, «русизмдер» сөздік қорымызды байытудың бірден бір себепкері болып табылады.

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, «Мектеп», 1992 ж.

А. Жумагулова

ПРИМЕНЕНИИ РУСИЗМОВ В ТВОРЧЕСТВЕ ПИСАТЕЛЯ Г. МУСРЕПОВА

Автор в статье рассказывает о применении русизмов в творчестве писателя Г. Мусрепова. Автор приводит конкретные примеры рассказывает о роли русизмов в пополнении лексики казахского языка. Так же автор приводит высказывания исследователей-лингвистов о пополнении литературного языка иностранными словами и об оформлении их грамматическими формами.

A. Zhumagulov

APPLICATION OF RUSSIANNES IN THE CREATIONS OF G.MUSUREPOV

The author says about the use of Russianness in the writer G.Musrepov's works. By giving specific examples about the role of Russianness in the completion of the Kazakh language vocabulary. Also author gives the quotes of researchers and linguistics on the enrichment of the literary language by foreign words and decorate them by grammatical forms.

Э. Икрамова,

ҚХДУ, Филология кафедрасының магистранты

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ИНВЕРСИЯ

Мақал-мәтел үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып табылады. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи мән бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады. Мақал-мәтелдік формалар қарым-қатынас жасаушылардың бәріне белгілі болады және аксиома, ереже ретінде қабылданады. Мақал-мәтел - жай сөз емес, ол - сөз атасы, сөз көркі, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қысқа болса да нұсқа сөз.

Мақал-мәтелдер – аз сөзбен көп мағынаны, көп ұғымды білдірудің ең жоғарғы мүмкіншілігінің көрсеткіші. Мақал-мәтелдерде орынсыз тұрған, артық тұрған бір сөзді немесе басқа бір қосымша дәнекерді табуға болмайды.

Мақал-мәтелдер жай сөйлем түрінде және құрмалас сөйлем түрінде келе береді. Қазақ

2. Серікқалиев З., Серікқалиева Э. Ақыл таразысы. Алматы, «Мектеп», 1992 ж.

3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, «Мектеп» 1973 ж.

4. Словарь иностранных слов. 17-е издание, Москва, издательство «Русский язык», 1988 г.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1966 ж.

6. Салқынбай А. Мақала, 2010 ж.

7. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. «Жазушы», 1993 ж.

8. Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. 3 том. «Жазушы», 1985 ж.

мақал-мәтелдерінің құрамындағы сөздері қалай болса, солай орналаса салмай, тіліміздегі белгілі бір заңдылықтар бойынша қалыптасқан. Өздерінің қалыптасқан құрылымы және соған сәйкес ішкі мазмұны болады, олар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі.

Мақал-мәтел құрамындағы сөздердің кейбіреуіне ой екпіні немесе мағыналық екпін түсіп айтылуы арқылы ол сөйлемдегі орын тәртібі өзгеріп отырады.

Мақал-мәтелдердегі сөйлем мүшелерінің орналасуына классикалық тәртіп те тән. Екі жағдайда да паремиялардың құрамы мен құрылысы тұрақты және классикалық тәртіп басым болады. Сөйлем мүшелерінің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән классикалық тәртібі: бастауыштың баяндауыштан бұрын тұруы, тұрлаусыз мүшелердің өздері қатысты сөздерден бұрын орналасуы, құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы компоненттің